

Туякбаева А.Ш.,

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, PhD докторант 3 курс,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: maulet74@mail.ru

ЗАМАНАУИ КИНО ДРАМАТУРГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАҺАРМАНДАР

Бұл мақалада қазақ киносында ұлттық салт-дәстүрдің, оның ішінде кез келген кино мамандарының көрсетуге жүрегі дауалап, жиі бара бермейтін тақырып – бақсылық өнері тақырыбының көрініс табуы туралы сөз болады. Бақсы фильміндегі басты кейіпкердің сирек өнер иесі екеніне екпін жасай отырып, авторлар аталған туындының ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше үлес қосып отырғанын айрықша атап өтеді.

Түйін сөздер: драматургия, кино, салт-дәстүр, бақсы, ем-дом.

Tuyakbayeva A.S.,

T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, doctoral student PHD 3 courses
Kazakhstan, Almaty, e-mail: maulet74@mail.ru

Dramaturgy of modern cinema and its heroes

This article describes and raises one of the rare problems on which masters of cinematography do not often stop is «shamanism». Shamanism was rarely practiced and only by people who possessed this ability. In the movie «Baksy» the director was able to show in detail and in all its glory the main character the owner of the talent of a healer, hypnotist and woman who could communicate with otherworldly forces. In addition, the authors of the film narrate about the people's methods of treatment, their benefits, spiritual and moral values.

Kew words: dramaturgy, cinema, customs. Rituals, shamanism.

Туякбаева А.Ш.,

докторант PHD 3 курса обучения Казахской национальной академии искусств
имени Т. Жургенова, Казахстан, г. Алматы, e-mail: maulet74@mail.ru

Драматургия современного кино и его герои

В данной статье описывается и поднимается одна из редких проблем, на которой не часто останавливаются мастера кинематографа – это «шаманизм». Шаманизмом занимались редко и только те люди, которые обладали этим даром. В фильме «Баксы» главную героиню, обладательницу таланта лекаря, гипнотизера, человека, который мог общаться с потусторонними силами, режиссер сумел показать в подробностях и во всей красе. Кроме того, авторы фильма повествуют о народных методах лечения, их пользе и духовно-нравственных ценностях.

Ключевые слова: драматургия, кино, обычаи, обряды, ритуалы, шаманизм.

Кіріспе

Рухани-идеологиялық қуатты қару болып табылатын 100 жылдық тарихы бар кино өнері – біздің елімізге кешеуілдеп жеткені мәлім. Қазақ киносының алғашқы төл туындысы – «Лен-фильм» студиясында түсірілген «Амангелді»

көркем фильмінен бастау алады. Бұдан кейін елімізде талай ұлы тұлғалар мен ұлт бейнесін, қазақ тағдырын, бүгіні мен өткенінен сыр шертетін ірі кинотуындылар үлкен экранға жол тартты. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін жаңаша көзқарастағы фильмдер жарық көре бастады. Мұндай фильмдердің бірқатары көрермен

жүрегіне жол тауып, ұмытылмас әсер қалдырды. Олар өмірге, киноға деген жаңашыл көзқарастар тудырды. Талғамы биік қазақ көрермендеріне «Қызғалдақ», «Қарой», «Бақсы», «Балалық шағымның аспаны», «Шал» іспетті драматургиясы ширақ фильмдер кеңінен тарала бастады.

Фильмнің көркем шығуы – драматургия пен режиссуралық шешімнің тығыз ұштасуы, актерлық шеберліктің айқын көрініс табуына тікелей тәуелді. Негізгі кейіпкерлер сол фильмнің мақсаты мен міндетіне қол жеткізуіне арқау болуы керек. Фильмдегі негізгі ой мен кейіпкер бейнесінің сабақтастығын «Қыз Жібек» фильміндегі мөлдір махаббат, «Менің атым Қожа» фильміндегі бейқам балалық, «Көшпенділер» фильміндегі батырлық, «Бақсы» фильміндегі наным-сенім қуатынан тануға болады. Әр фильмнің көтерген мәселесі басты қаһармандар көмегімен ашыла түседі. Балалықтың бейқам шағы, тәтті қылығын Қожа арқылы танысақ, сонау тарихымыздағы ерлік пен елдікті, Отанға деген кіршіксіз махаббатты хан Абылай бейнесі арқылы бағамдаймыз. Халықтың наным-сенімін, тылсым күштің, бақсылық қасиеттің ерекшеліктерін Бақсы Айдай әже бейнесінің шебер сомдалуынан байқауға болады.

Қазақ кино өнерінің «жаңа толқын» режиссері «Сүйрік» фильміндегі сүйкімді, нәзік қызды сомдау арқылы танылған Гүлшад Омарованың 2008 жылы алғашқы фантастикалық драма бағыты бойынша түсірілген «Бақсы» фильміне жеке тоқталсақ. Шет елдікбайқауларда «Бақсының» атағы аспандап тұр. Олай дейтініміз, Гонгконгта өткен халықаралық «Asia pacific award» фестивалінде «Бақсы» екі бірдей жүлде жеңіп алды. Оның бірі – үздік әйел рөлі, екіншісі – үздік монтаж үшін берілді. Сондай-ақ, АҚШ-тағы «The Women's International Films and TV showcase» фестивалінде де жүлделі орынға ие болды. Енді осы «Бақсы» фильміндегі «бақсы» – деген, кім? Фильм авторлары бақсылық қасиеттің қыр сырларын аша алды ма? – деген, сұрақтарды қарастыратын боламыз. Бұл жаңашыл фильм елімізде және Германия мен Ресей елдерінде өз көрсетілімдерін өткізген. Жалпы фильмде қазақ даласында өмір сүрген бақсы әже туралы баяндалады. Ата – бабасынан дарыған ерекше қасиетінің арқасында, жұртқа танылған – Айдай әже, мұқтаж жандарға барынша өз көмегін аямайды.

Фильм таң сәриден аспанға қарап «әулие», «аруақтарды» шақырып, ата-бабасына сыйынып, күш қуатының артуын тілеп, зікір салған Айдай әжені көрсетумен басталады. Киелі жер,

киелі топырақта өз ем шараларын жүргізетін бақсыға ағылып келген халықты түрлі халықтық ем-дом күтіп тұрады. Аяғын басып жүре алмаған әйелді жаңа сойған қойдың жылы қанына жуындырып аяғынан тік тұрғызады. Із түссіз кеткен адамның қайтып келмейтінін айтып, артына үлкен байлық қалдырғанын болжайды, жоғалған мал-жанды тауып беріп, елді қуанышқа бөлейді. Еріктілердің денсаулық жағдайына қарай балшықпен емдеп дұға қылып, қасиетті суды шашып жамандықты қуалайды, дұрыс жолдан тайған пенделерді зынданға қамап жазалап, тәубелеріне келтіреді. Фильмнің шарықтау шегі бақсының болжамымен дүниеге келген бала Хасан, оның әкесінің бақсыға деген разылығы үшін сыйлаған қасиетті жерден айырылуына ұштасады. Осыған орай, бақсы дұға оқи отырып, өз-өзіне клиникалық өлім жасайды. Бақсының ескертуіне құлақ салмаған кәсіпкердің және басқа да адамдардың бақытсыздыққа жолығуымен шиеленіседі. Фильмнің соңына орай Түркістанға кеткен Айдай әжені іздеп тауып елге қайтарады. Бұл барлық істің оңалуы мен қалыпқа келуін аңғартады.

Фильмнің негізгі қаһарманы, бастапқы ой мен идеясының негізі болып табылатын «Бақсы» сөзі нені білдіреді? Қазақ халқы тылсым әлеммен байланыс жасай алатын, бойына тәуіптік, балгерлік, сәуегейлік, сиқыршылық қасиеттер қонған адамды «бақсы» деп атайды. Шағатай тілінде оның атауы – бақшы. Бақсы — әлгі тылсым әлеммен байланысқа еніп, ондағы түрлі рухтарды өз қызметіне пайдалана алатын адам. Бақсының «жын-рухтарының» аты болады. Жекелеген индивидуум ретінде қажетті кезде олар өз бақсысының алдында әйел, шал, қыз, т.б. бейнелерде тізіліп тұрады-мыс. Бақсы сол шақырған жындарының «көмегімен» гипноздық өнер де көрсете алады. Қай жаққа қолын сілтесе, сол жақта 5 – 10 қадам жерде тұрған заттар қылышпен шапқандай кесіліп кете береді. Қылыштың жүзімен жүріп, шоқ темірді қолымен ұстап, тіліне қариды, өткір пышақпен өз мұрнын өзі «кесіп» тастайды. Ақыр аяғында денесінде бір де бір жара, не сызат, белгі қалмайды. Бақсылық қасиеттің тылсым күші тек таңдаулы адамдарға өз ата-бабаларынан тікелей немесе белгілі бір жағдайларда қонатын болған. Бақсылықпен әйелдер де айналысқан, оларды «елті» деп атаған. Жалпы шығу тарихы отқа табыну мен шамандықпен тығыз байланысты бақсылардың ерекшелігі – сырқат адамдарды сол елдің салт-дәстүр, таным-түсінігіне сәйкес психологиялық тәсілмен емдеу болып саналады.

Ал «Бақсы» фильміндегі Айдай деген кім?- деген, сауал – фильмнің бүкіл ойы мен идеясын ашатын арқау. Биографиялық фильм жанрындағы «Бақсы» фильмінің идеясы Алматы төңірегіндегі Ұзынағашта елді мекенінде дүниеге келген деп пайымдалады. Дәлірек айтсақ, фильм сценарийінің жазылуы Үңгіртас деген жерді әулие тұтатын, шырақшы, емші ретінде көптен бері мекендеп келе жатқан елге танымал Бибіфатима ханымның өмірінен бастау алған. Бибіфатиманы бүгінгі күннің «бақсысы» деуге де болады. Дертіне дауа, жанына жылу, бесігіне перзент, отбасына бақыт тілеген наным-сенімнің жетегінде жүрген кәрі-жастың бәрі осында ағылады. Ал, осы Бибіфатима тағдырының негізінде түсірілген Айдай бақсының бейнесін сомдау Жамбыл облыстық қазақ драма театрының әртісі Несіпкүл Омарбековаға бұйырыпты. Айдай рөлін сомдау үшін Бибіфатима ханымды көріп, мінез-құлқын, іс-әрекетін, сөз саптасын, емдеу тәсілдерін, бақсыға тән елде жоқ ерекшеліктерін өз бетінше зерделеген Несіпкүл Омарбекова өзінің дебюттық рөлін өте жақсы орындап шыққан. Ондағы іс әрекеті, мінез құлық ерекшелігі шынайы бейнеленді.

Қазақ бақсылары ешқашан сұранып кісі емдемеген, үйінде сырқаты бар адамның өтінішімен ғана келген және де, оларды қобызда ойнап, зарлы не қаһарлы үн, әуендер шығару, түсініксіз жыр жырлау, «жынын шақырып» зікір салу немесе гипноздық, жонглерлік, т.б. «керемет» көрініс, әрекеттер жасау арқылы жүйке жүйелеріне әсер ету арқылы емдеген. Бақсылық емінің кең тараған түрлері – ауру тудырған қаскөй жындарды қайырымды жындардың көмегімен қуу, солармен байлау, сондай-ақ адастыру, көшіру, өткір жүзді суық қарулармен және қыздырылған темір құралдармен шошыту, немесе ұшықтау (кетпен ұшық) және т.б. тәсілдер қолданып, емдік шара жүргізген. Ауру тудырушы бейнелердің сұлбасын қуыршақ түрінде жасап, оны малдың бас сүйегіне көшіру – кең таралған ем түрі. Сонымен қатар аурудың барлық түріне жын шақырып, ойнай бермеген. Бақсы жеңіл-желпі ауруларды үшкіру, ұшықтау, қақтыру, көшіру, отпен аластау, иесін шақыру арқылы да емдейтін болған. Фильмде бақсы де өз күш – қуатын арттыру мақсатында табиғи құдіретті күштерге жүгінеді. Мұндай көріністерді таңсәріде жота басында бақсының зікір саған кезінен байқасақ, одан бөлек, фильмнің шарықтау шегіндегі негізгі оқиғаға себепші гипноздық клиникалық өлім жасау

кезіндегі эпизодтардан аңғаруға болады. Ал, фильмдегі бақсылық ем-дом шаралары мүлдем өзгеше, қойдың жылы қанымен жуындыру, балшықпен сылау, қанмен сурет салу және ожаумен беттеріне, денелеріне суды шашу сияқты ерекше тәсілдермен атқарылады.

Фильмде қыз баланы сүт құйылған балшықпен сылап емдейді. Мұндай ем түрі дұғалау, тіл-көз, безгек ауруларын емдеуде де пайдаланылды. Балшық салынған ыдысқа сүт құйса, бұл қоймалжың заттың температурасы жоғары күйінде сақталып, өз қасиеттерін жоғалтпай керісінше, еселене түсетін көрінеді. Ал, сумен емдеу түріне келсек, бұнда бейқам тұрған адамдарға су шашу арқылы шошытып жамандықтан аластайды, ұшықтайды, ауруды қуалайды. Жалпы су шашу процесі кезінде адам серпіліп, жүйке жүйесі және қан тамырлардың жұмыс жақсарады екен. Фильмнің соңғы кадрларында бақсы қатты шошынған баланы шошыту, айқайлау, арқылы емдегені бейнеленген.

Бақсылар емшілікпен қатар балгерлікпен де шұғылданған. Олардың келешекті болжайтынына, адамның тағдырын шешіп, оның ойын сезіп тұратынына, өткен өмірін де ашық айттып бере алатынына ел-жұрт күмәнсіз сенген. 5 ғасырдағы ғұн патшасы Еділдің айналасында көптеген даңқты бақсылар болған. Олар әрбір күрделі оқиғаларды күні бұрын болжап, патшаға жеткізіп отырады екен. 451 жылғы Каталаун шайқасының тағдырын бақсылар құмалақ ашып, бірнеше күн бұрын айтып берген. Болжам дәл келген. Сол сияқты фильмдегі Айдай бақсы жоғалған малдың қай жерде екенін айтып, іс-түссіз кеткен әйелдің күйеуі туралы болжамдар айтады, ол болжамдар дәл келеді. Бұл іс – әрекет арқылы фильмнің негізгі кейіпкері – бақсының образын толығырақ аша түскен.

«Бақсы» фильмі Ресейдің бірінші телеарнасындағы «Закрытый показ» ток-шоуында көрсетілді. Бұл бағдарламада ерекше назарға ілінген кинотуындыларды көрсетіп, артынан оны мамандардың талқысына салады. Киносыншылар мен режиссерлер фильмнің идеясынан бастап, актерлердің шеберлігі және техникалық сапасына дейін талқылап, сараптайды. Фильмнің көркемдік жағына, актерлердің шеберлігіне, образ-дардың өзара байланысына қатысты түрлі пікірлер қозғайды. Осы кезде «Бақсы» фильміне түрлі көз – қарастар мен пікірлер айтылды. Кино мамандары фильмнің негізгі сюжеттері азиялық мәдениеттің төңірегінде өрбісе де, оның ерекшеліктері ескерілмегенін және бұл туынды жартылай орыс тілді болғанына қарамай, орыс

көкерменіне лайықталмағанына қынжылыс білдірді.

«Бақсыда» ойнаған актерлер сөзінің жансыз, нәрсіз диалогтарға құрылғаны, оның үстіне сөздерге екпін дұрыс түсірілмегені, бақсыны, жалпы Шығыс еуропалықтар қалай елестетсе, сондай етіп түсірілгені жайында айтылды. Бұл тек сол арадағы Ресей киносыншылардың ғана пікірі. Біздің пікірімізше, фильмдегі ем-шара жүргізу барысында ер адамдар мен әйел затын бірге емдеу режиссерлық сәтті шешім деп айта алмаймыз. Ол жерде жартылай жалаңаш әйел адамдар ештеңеден де қысылмастан жүре береді. Ал, Айдай бақсы қайтыс болғанда, оны жерлеген қазақ жігіттері «Апашка жақсы адам еді, сол үшін алып қоялық» деп тост көтереді. Қазақ қаралы қазаның үстінде арақ ішпеген. Туындыдағы осы ұят көріністер халқымыздың рухани ұстанымы мен діни наным-сеніміне қатысты теріс пікір туғызбасына кім кепіл!?

Жалпы қазақ халқында бақсылар ертеден үлкен мәртебеге ие адамдар болған. Аңыздарда да, тарихи шығармаларда кездесетін қазаққа қадірі жоғары, атақты бақсы, таңғажайып тәуіп, керемет көріпкел, теңдесі жоқ қобызшы болған – Қыпшақ Қойлыбай Әбурахпанұлын мысалға алуға болады. Ұлтымыздың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов Қойлыбайды «бақсылардың бақсысы, әрі пірі» деп бағаласа, Әлкей Марғұлан: «Қорқыттың қобзын, оның сарынын ең алғаш рет мирас еткен кісі – Қойлыбай бақсы. Ол Қорқыттың шәкірті болып саналды» деп жазады. Кезінде Мағжан Жұмабаев Шоқанның зерттеулерін негізге ала отырып «Қойлыбайдың қобзы» атты дастан да жазып қалдырған. Енді мінеки, Қойлыбайдың есімі Қазақстанның ұлттық энциклопедиясының 6-томына еніп отыр. Әубәкір Диваевтың хатқа түсірген «Бақсы» жырындағы аңыз бойынша, қыпшақ Қойлыбай бақсының төрт батыр ұлы, бес мың жыны болған көрінеді. Бақсылар туралы жазылған естелік, әңгімелерді оқып отырсақ, ол қылыштың жүзімен жүреді, шоқта қып-қызыл болып балқыған темірді тілімен жалайды, жұрттың көзінше құлақ, мұрынын кесіп тастаса, көп ұзамай денесінің ол мүшелері еш сызатсыз орнында тұрады, қобзын сарнатса, бозторғай шырылдаған тып-тыныш дала төсінде дауыл тұрғызып, найзағай ойнатып, жанбыр жауғызады. Қойлыбай бақсы әулиелілігі мен

қасиеті күшті болғандықтан, тірі пенде оған дауыс көтере алмаған. Ондай өресіздер болса, халықтың өзі оларды тәртіпке шақырып, жазасын берген. Ел аузында Тойшан деген әдепсіз бір байдың Қойлыбайды менсінбей, елден қумақшы болғанында, оның ата-мекенімен қобыз тартып қоштасқаны, оған ет-жүрегі елжіреген халықтың әлгі байдың өзін ауылдан қуып жібергендігі жөнінде аңыз әңгіме бар. Торғайлық ақын Хамитбек Мұсабай өзінің «Қойлыбайдың қоштасу күйі» деген дастанында бабамыздың тәңір берген киелі қасиеттері туралы толыққанды жыр толғайды. Міне, осындай тарихи деректерге сүйенсек халыққа танымал, мықты бақсыларды сыйлап, құрметтеп, оларға қарсы келмеген. Оларды пір тұтқан. Бақсы – тек бақсылық қасиетімен шектелмеген, жан – жақты, халқына рухани дем беруші, емші, тәуіп, көріпкел бола білген. Міне, нағыз бақсы – фильм сюжетіне сай кейіпкер, қаһарман.

Заманауи кино мен телеарнаның драматургиясы уақыт көшіне қарай өз қаһармандарын бейнелейді. Сондықтан да, бүгінгі таңда идеологиямыздың ажырамас бөлігі саналатын кино саласы – халыққа рухани дем беру жолындағы күшті қару деп саналады. Осы Отандық төл туындыларымыз арқылы ұлттық мүддеміз бен намысымызды жоғары дәрежеге көтерер болсақ, бұл кино өнеріндегі жеткен елеулі жетістіктердің бірі болары хақ. Кино, ең алдымен, өз ұлты үшін түсірілуі қажет. Сонда ғана ұлттық өрнегі қанық, халыққа айтары анық, жетер жетістігі мен мұраты биік болады. «Біткен іске сыншы көп» демекші, талай сыннан өткен бұл фильмге әлі де талай пікір айтылары анық. Дегенмен, түсірушілер тобы елімізде әлі көтерілмеген, әлі көрсетілмеген жұмбақ әрі қызықты тақырып – бақсылық өнердің тылсым құпиясын терең ой, драматургиясымен, өзіндік ерекшеліктермен жеткізе білген. Негізгі кейіпкердің тағдырындағы ең маңызды тұстарын ықшамдап, бейнесін жеріне жеткізе ашып көрсетуге ұмтылыс жасаған.

Бұл режиссер мен оператордың бірлесе ізденген еңбегінің нәтижесі. Түйіндеп айтар болсақ, «Бақсы» фильмі өзіндік табиғи өрнегі, режиссердің халыққа айтқысы келген негізгі ойының тың да, шынайылығымен басқалардан дара тұр.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
- 2 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.
- 3 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Бас редакциясы, 1998
- 4 Диваев А. Баксы // Этнографические материалы. Вып. V. – Ташкент. 1896.
- 5 Тронов В.Д. Материалы по антропологии и этнологии киргиз // ЗЗООИРГО. – СПб., 1891. – Т. XVII. – Вып. 2
- 6 Отырар. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.

References

- 1 Kazakh adebieti. Enziklipedialik aniktamalik. – Almaty: «Aryana Ltd.» GSC, 2010 gil.
- 2 Kazaktin etnografialik kategorialar, ygimdar men ataylarinin dastyrlı jyiesi. Enziklopedia. – Almaty: DPS, 2011.
- 3 «Kazakhstan»: Ylttik enziklopedia / Bas redaktor A. Nisanbaev – Almaty Bas redakziyasi, 1998
- 4 Divaev A. Bakzy // Ethnografiheskie materialy. Tashkent. 1896;
- 5 Tronov B.D. Materialy po antropologiyi and ethnologi kirgizov // ZZOOIRGO. SPB.. 1891. T. XVII. Vip.2
- 6 Otyrar. Enziklopedia. – Almaty. «Arys» baspasi, 2005